



сенімді | надежное
сақтандыру | страхование

"МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар Кеңесі Бекіткен**

**« 08 » 09 2022 жылғы № 02-01/26 хаттама
« 12 » 09 2022 жылдан бастап күшіне енді**

Алматы қ., 2022ж.

МАЗМҰНЫ:

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.....	5
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ.....	5
4.	АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУҒА ЖАТАТЫН АДАМДАР	5
5.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ	5
6.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	4
7.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ	6
8.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	5
9.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ...7	
10.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	9
11.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ.....	8
12.	САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ	9
13.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	11
14.	ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	10
15.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	10
16.	ҚОСЫМША ШАРТТАР	10

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. "Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ, бұдан әрі - "Сақтандырушы", шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғалармен (бұдан әрі - "сақтанушылар") міндетті экологиялық сақтандыру туралы " 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93-III Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң), осы міндетті экологиялық сақтандыру Ережелері (бұдан әрі – сақтандыру ережелері) және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасасады (бұдан әрі – сақтандыру шарты)
- 1.2. Сақтандыру ережелерінде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:
- 1.2.1. **авария**-ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті (зиянды) заттардың шығарылуы;
- 1.2.2. **міндетті экологиялық сақтандыру**-авария нәтижесінде экологиялық залал келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік туындаған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (сақтандырушылар) заңды мүдделерін мүлкітік қорғау жөніндегі қатынастар кешені;
- 1.2.3. **пайда алушы**-заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 1.2.4. **сақтандыру жағдайы** - міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 1.2.5. **сақтандыру омбудсманы** - өз қызметінде "сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын тәуелсіз жеке тұлға;
- 1.2.6. **сақтандыру сомасы**-міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 1.2.7. **сақтандыру сыйлықақысы**-сақтанушы сақтандырушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 1.2.8. **сақтандыру төлемі**-сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;
- 1.2.9. **сақтандырушы**-сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға сақтандыру төлемін шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүргізуге міндетті заңды тұлға;
- 1.2.10. **сақтандырылушы**-өзіне қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 1.2.11. **сақтанушы**-шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын, сақтандырушымен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;
- 1.2.12. **үшінші тұлғалар**-міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімдерге тартылған құқықтық қатынастар субъектілері;
- 1.2.13. **уәкілетті орган**-қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;
- 1.2.14. **шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі**-шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі міндеті;
- 1.2.15. **шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі**-нәтижесінде авария болған жағдайда экологиялық залал келтірілуі мүмкін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Міндетті экологиялық сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі міндетіне байланысты шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын адамның мүлктік мүддесі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

3.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі болып танылады.

3.2. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеу сақтанушыға (пайда алушыға) жүктеледі.

3.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартқан жағдайда, сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген экологиялық залалды жою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап пайда болды деп есептеледі.

4. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ МЕНДІТТІ САҚТАНДЫРУҒА ЖАТАТЫН ТҮЛҒАЛАР

4.1. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті экологиялық сақтандыруға жатады.

4.2. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

5.1. Міндетті экологиялық сақтандыру Қазақстан Республикасының Заңы мен Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес жасалатын сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

5.3. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өз қызметін міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқығы жоқ.

5.4. Бір объектінің екі және одан да көп иелері шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрін жүзеге асырған кезде міндетті экологиялық сақтандыру шарты объектінің барлық иелерін сақтандыру полисінде сақтандырылушы ретінде көрсете отырып, олардың кез келгенімен жасалады.

5.5. Сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

5.6. Сақтанушының өтініші сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

5.7. Сақтандыру полисі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында көрсетілген шарттардан басқа, сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерін қамтуға тиіс.

5.8. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында көрсетілуге тиіс талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапты болады.

5.9. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда оның жекелеген талаптарының толық болмауына байланысты дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

5.10. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен жасалуы мүмкін.

5.11. Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша сақтандыру полисін ұстау және ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 6.1. Сақтандыру шарты осы Заңға және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық залалды жоюға міндетті адамдарға қатысты қолданылады.
- 6.2. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 6.3. Сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап кемінде он екі ай қолданылады.
- 6.4. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

- 7.1. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:
- 7.1.1. сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің өтуі;
- 7.1.2. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7.1.3. Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы.
- 7.2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 7.3. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерде қайтаруға құқығы бар:

№ р / с	Міндетті экологиялық шарт күшіне енген сәттен бастап өткен мерзім сақтандыру мерзімінен бұрын тоқтатылғанға дейін	Ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандырушы (жылдық сақтандыру сыйлықақысы пайызбен)
1 .	1 айға дейін қоса алғанда	20
2 .	1 айдан 2 айға дейін қоса алғанда	30
3 .	2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда	40
4 .	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	50
5 .	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	60
6 .	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	70
7 .	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	75
8 .	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	80
9 .	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	85
10 .	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	90
11 .	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	95
12 .	11 айдан астам	100

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Сақтанушы (сақтандырылушы) құқылы:

- 8.1.1. сақтандырушыдан міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 8.1.2. апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 8.1.3. авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнының нәтижесімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз маман (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурстары арқылы) жүргізген сақтандыру төлем мөлшерінің есебімен танысуға;
- 8.1.4. міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық сақтанушыға ғана қолданылады);
- 8.1.5. Ережелердің 13-тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;
- 8.1.6. өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттар "сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де окшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет - ресурсы арқылы) жіберуге;
- 8.1.7. Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.
- 8.2. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.
- 8.3. **Сақтанушы (сақтандырылушы) міндетті:**
- 8.3.1. сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 8.3.2. сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;
- 8.3.3. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын Сақтандырушыға көшуді қамтамасыз етуге;
- 8.3.4. сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 8.3.5. апат кезінде ықтимал экологиялық залалдың алдын алу немесе азайту үшін ақылға қонымды және қол жетімді шараларды қолдануға;
- 8.3.6. тиісті органдарға олардың құзыретін ескере отырып (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, авариялық қызметтер, уәкілетті орган) экологиялық залал келтіруге әкеп соққан авария туралы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлауға;
- 8.4. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.
- 8.5. **Сақтандырушы құқылы:**
- 8.5.1. сақтандыру шартын жасасу кезінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан заңға сәйкес сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде міндетті экологиялық сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;
- 8.5.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін ескере отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін, экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын растайтын құжаттарды сұратуға;
- 8.5.3. сақтанушыдан және сақтандырылушыдан болған сақтандыру жағдайының себептері, мөлшері мен салдары туралы экологиялық залал келтіру тәуекелін бағалау үшін қажетті толық және шынайы ақпаратты алуға;
- 8.5.4. сақтандыру жағдайының басталуының себептері мен өзге де мән-жайларын анықтау үшін экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнының зиянын бағалауды жүргізуге;
- 8.5.5. авария салдарынан келтірілген экологиялық залалдың көлемін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 8.5.6. сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін және одан кейін жүзеге асыратын қоршаған ортаның жай-күйіне және шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне өз зерттеулерін жүргізуге;
- 8.5.7. сақтандыру Ережелерінің 13-бабында көзделген жағдайларда экологиялық залал келтіруге жауапты адамға кері талап қою құқығын беруге;
- 8.5.8. сақтандыру Ережелерінің 12-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.
- 8.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

8.7. Сақтандырушы міндетті:

- 8.7.1. сақтанушыны сақтандыру шартының талаптарымен, оның ішінде сақтандыру шартынан туындайтын құқықтар мен міндеттермен таныстыруға;
 - 8.7.2. өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге;
 - 8.7.3. міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;
 - 8.7.4. объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлаған кезде, оны дереу тіркеп, осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның құқықтық нормативтік актілерге сәйкес дерекқорды қалыптастыруға және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға ;
 - 8.7.5. сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша авария нәтижесінде экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жүргізсін, сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеуді көрсете отырып, сақтандыру актісін жасасын және оны пайда алушыға таныстыру үшін ұсынуға;
 - 8.7.6. сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
 - 8.7.7. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтанушының (пайда алушының) экологиялық залалды жою мақсатында сақтандырушының өтеуіне жататын төлем мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлау қажет;
 - 8.7.8. сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;
 - 8.7.9. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 8.7.10. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға осы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жіберуге.
 - 8.7.11. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға осы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін жіберуге;
 - 8.7.12. сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарау және бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
 - 8.7.13. сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жолдауға.
- 8.8. Сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

8.9. Пайда алушы құқылы:

- 8.9.1. Сақтанушының (сақтандырылушының) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 8.9.2. сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізу және оларды сақтандырушыға ұсынуға;
- 8.9.3. апат салдарынан келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен көлемін анықтау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 8.9.4. авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеумен танысуға;
- 8.9.5. сақтандыру төлемін Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде алуға;
- 8.9.6. Ережелердің 13-тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

8.9.7. өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттар "сақтандыру қызметі туралы"Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет - ресурсы арқылы) жіберуге;

9. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ

9.1. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері кемінде болуы тиіс:

9.1.1. Жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5000 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

9.1.2. Заңды тұлғамен сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 65000 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

9.2. Сақтандыру шартындағы сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері келесіден аспауы керек:

9.2.1. сақтандыру Ережелерінің 9.1.1 және 9.1.2 тармақшаларында көзделген жағдайларда, Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,76-дан 2,65 пайызына дейін;

9.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартында белгіленеді.

9.4. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасын уактылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9.5. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙДЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАУШЫ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

10.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жазбаша нысанда, оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы ұсынады.

10.2. Сақтандырушының талабы бойынша өтініш беруші сақтандырушыға қолы жететін мемлекеттік органдардың деректер қорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

10.3. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

10.3.1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бекітілген ремедиация бағдарламасының көшірмесі;

10.3.2. Олар болған жағдайда- сақтандыру жағдайы басталғанда орын алған экологиялық залалды алдын алу немесе азайту мақсатында Сақтандырушы шеккен шығындарды растайтын құжаттар;

10.3.3. жекелеген жағдайларда-сақтанушыны сақтандыру жағдайы басталған кезде жауапты деп таныған соттың шешімі.

10.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті.

10.5. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

11.1. Сақтандыру шартында сақтандырылушының шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залал салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

11.2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы сақтандыру Ережелерінің 11.1-тармағындағы қағидаларды ескере отырып, экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнына

сүйене отырып айқындайды.

11.3. Экологиялық залалды, оның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті Сақтанушы немесе өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

11.4. Сақтандыру төлемі апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнынан аспауға тиіс.

11.5. Сақтанушының (пайда алушының) немесе нотариалды куәландырылған сенімхаттың жазбаша өтініші бойынша сақтандыру төлемі авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі жұмыстарды орындаған (орындайтын) және қызметтер көрсеткен (көрсететін) адамға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

11.6. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқылы емес.

11.7. Сақтандыру төлемін сақтандырушы Сақтандыру Ережелерінің 10.3-тармақта көзделген құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізеді. .

11.8. Сақтандыру төлемінің мөлшерін пайда алушы даулаған жағдайларда сақтандырушы Ережелердің 11.7-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың ешқайсысы дауламайтын бөлігінде сақтандыру төлемін дереу жүзеге асыруға міндетті. .

11.9. Егер сот шешімді дереу орындауға жүгінбесе, сақтандыру төлемінің даулы бөлігін сақтандырушы бітімгершілік келісім жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап не осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

11.10. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТАТЫН НЕГІЗДЕР

12.1. Егер сақтандыру жағдайы келесілер салдарынан болған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

12.1.1. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

12.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған пайда алушының іс-әрекеттері.

12.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сонымен қатар келесілер негіз болуы мүмкін:

12.2.1. Сақтанушының экологиялық залал келтіргені үшін кінәлі адамнан шығыстардың тиісті өтемін алуы;

12.2.2. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

12.2.3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

12.2.4. Сақтанушының сақтандыру жағдайы бойынша шығыстарды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;

12.2.5. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге және келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын, сондай-ақ оны жою құнын белгілеуге кедергі келтіруі;

12.2.6. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға кері талап ету құқығын сақтандырушыға өту үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жасалған болса, сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы.

12.3. Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы, егер ол Сақтанушының еркіне байланысты емес себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бола алмайды.

12.4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде сақтандырушы талап қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара

бас тарту туралы тиісті шешім жіберуге міндетті.

12.5. Егер сақтандыру жағдайы төменгілер салдарынан болған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

12.5.1. соғыс, азаматтық соғыс, әр түрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

12.5.2. табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар.

12.6. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

13.1. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (пайда алушы) құқылы:

13.1.1. Сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш не

13.1.2. Қазақстан Республикасының "сақтандыру қызметі туралы" заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге;

13.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты қарайды және ұсынады.

13.3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.

14. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының келесі жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқығы бар:

14.1.1. Сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауы;

14.1.2. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

14.1.3. Сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы.

14.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының экологиялық залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады, оны жою құнын міндетті экологиялық сақтандыру шартына сәйкес сақтандырушы төлейді.

15. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. Тараптардың міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі қатынастарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

16. ҚОСЫМША ШАРТТАР

16.1. Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.